

**Тақырыбы: «Қазақстандағы көрікті жерлер» бөлімі бойынша
жиынтық бағалау**

Оқу мақсаты: 6.1.4.1 Мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аударатырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау;
6.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу;
6.4.1.1 тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу.

Бағалау критерийі: Білім алушы
✓ Мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аударатырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтайды;
✓ оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазады;
✓ бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады.

Ойлау дағдысының деңгейлері: Қолдану
Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты: 15-20 минут

Тапсырма.

✓ Мәтінді мұқият тыңдап, құрылымдық ерекшелігіне назар аударатырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтаңыз.
✓ Тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазыңыз.
✓ Бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазыңыз.

Алматының көрікті жерлері

Алматы – Қазақстанның оңтүстік-шығысында орналасқан алып шаһар. Қала мен қала маңында жанға жайлылық сыйлайтын демалыс орындары жетерлік. Жыл сайын Алматыға келетін туристердің қатары да артып жатыр. Назарларыңызға Алматы шаһарына табаныңыз тиіп жатса, бару керек жерлердің тізімін ұсынамыз! Медеу – жасанды мұз айдыны бар дүниежүзіндегі ең ірі спорт кешені. Медеу мұз айдыны Алматыдан 18 шақырым жерде орналасқан. Сәулет өнерінің ерекшелігі мен табиғи ерекшелігінің арқасында Медеу мұз айдыны әлемге танымал. Шымбұлақ 2510 метр биіктікте орналасқан «Шымбұлақ» тау-шаңғылық курорты – Алматының інжу-маржаны. Бұл жерде таудың таза ауасымен тыныстаумен қатар шаңғы тебуге болады.

Көктебе – Алматының оңтүстік шығысында орналасқан төбе. Биіктігі – 1070 метр. «Көктөбе» теле-мұнарасы түрлі түсті жарықпен қала тұрғындары мен қонақтарын өзіне тартып тұрады. Көктөбеден Алматының сұлулығын тамашалауға әбден болады. Алмарасан Алматының оңтүстік батысында орналасқан тау шатқалы. Демалыс күндері жаяу қыдырып, әдемі пейзаждың куәгері болғыңыз келсе, Алмарасанға барыңыз! Шатқалдың жоғары жағында теңіз деңгейінен 2500 метр биіктікте Үлкен Алматы көлі орналасқан. 28 гвардияшы-панфиловшылардың паркі Алматының Медеу ауданында орналасқан саябақтың аумағы – 18 гектар. Аталған саябақ XIX ғасырдың соңында іргесі қаланған қаладағы ең алғашқы саябақ. Парк ортасындағы «Мәңгілік алау» – соғыс құрбандарын мәңгі есте сақтау мақсатында лаулап тұратын от. Алматы зоопаркі Алматы қаласындағы Орталық саябағында

<https://qamshy.kz/article/35641-almatynynh-korikti-dgerleri-foto>

Сұрақтар:

Б) Мұз айдыны Алматы қаласынан қанша шақырым жерде орналасқан?

Д) Көктөбе қай жерде орналасқан?

Е) Қандай көрікті жерлер бар?

This image shows a blank sheet of white paper with horizontal ruling lines. The lines are evenly spaced and extend across the width of the page. There are no margins, text, or other markings on the paper.

<i>Бірігін жазылатын сөздер</i>	<i>Бөлек жазылатын сөздер</i>	<i>Дефис арқылы жазылатын сөздер</i>
1.		
2.		
3.		
4.		
5.		

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар	1	Мәтіннен негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді анықтайды.	2

арқылы негізгі ойды анықтай алады.			
Тыңдалым материалдар бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жаза алады.	2	Тыңдалым материалдар бойынша жинақы мәтін жазады.	1 1 1
Бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жаза алады.	3	Мәтіннен бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады	1 1 1
Барлығы			8

БЖБ №2 Қазақ тілі

Тақырыбы: «Ұлттық және отбасылық құндылықтар мен әлемнің жеті кереметі» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Мақсаты:

6.2.5.1 мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру.

6.3.4.1 эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу («келісу, келіспеу» эссесі).

Тапсырма.

- ✓ Мәтінді мұқият оқып, негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастырыңыз.
- ✓ Эссе ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп («келісу, келіспеу») эссесін жазыңыз.
- ✓ Екпіннің түрлері (сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін) сөз және сөйлем ішінде орынды қолданыңыз.

Отбасылық тәрбие – ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың қайнар көзі

Жас ұрпақты ұлттық құндылықтарымызды бағалауға, оларды сақтай отырып, келер ұрпаққа жеткізуге тәрбиелеу бүгінгі таңның өзекті мәселесі. Отбасы – ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың қайнар көзі, тәрбиенің бастауы, әр үйде балалар санасына ұлттық құндылықтарға деген көзқарастар жүйесін, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, даналық сөздерді, тыйым сөздерді, тәрбиелік мәні жоғары үлгілерін сіңіретін де отбасы. Осы тұрғыдан отбасын ұлттық құндылықтарды қалыптастыратын, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын ұлттық мәдениетті тәрбие арқылы тасымалдаушы орта ретінде қарастыруға болады. Қазіргі заманғы отбасының ұрпақ тәрбиесімен шыңдап айналысуы ата-ананың білім және мәдени деңгейінің жоғары екендігін көрсетеді. Отбасы тіршілігінде ұлттық құндылықтар, салт-дәстүрлер үнемі сақталып отырса, баланың ұлттық сана-сезімі ерте оянады. Баланы қоғамның моральдық нормасын орындауға қатыстыру, оның тәртіп және мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыру. Әр көкірегі ояу қазақ баласының ұлттық құндылықтарды меңгеруі оның отбасылық құндылықтарды меңгеруінен басталады. Отбасындағы құндылықтарды бағалай алмаса, адам ұлттық құндылықтарды да құрметтемей өтуі мүмкін. «Ел боламын десен, бесігіңді түзе» деген қанатты сөз де осы ойдың дұрыстығын меңзейді. Отбасылық тәрбие арқылы қалыптасатын ұлттық құндылықтарды зерттей келе оларды бірнеше бағыт бойынша топтастырып қарауға болады. Отбасылық тәрбие арқылы балада ұлттық таным жүйелі қаланып

(279 cθ3)

This image shows a single sheet of white paper with horizontal blue ruling lines. The lines are evenly spaced and run across the width of the page. There are no margins, text, or other markings on the paper.

3-тапсырма. Төмендегі көрсетілген сызба арқылы екпіннің түрлері (сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін) сөз және сөйлем ішінде орынды қолданып, айырмашылықтарын табыңыз.

Сөз екпіні	
Сөз ішінде	Сөйлем ішінде
Тіркес екпіні	
Сөз ішінде	Сөйлем ішінде

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыра алады.	1	Мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты пайдалана отырып, сұрақтар құрастырады.	1 1 1
Эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп («келісу, келіспеу») эссесін жаза алады.	2	Оқылым мәтіні бойынша тақырыптан ауытқымай келісу-келіспеу эссесін жазады.	1 1
Екпіннің түрлері (сөз екпіні, тіркес екпіні, сөз және сөйлем ішінде орынды қолдана алады.	3	Мәтіннен екпіннің түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолданады.	6
Барлығы			11

6 сынып. ТЖБ

Тапсырмалар және балл қою кестесі үлгісі
«Қазақ тілі» пәнінен 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары
I нұсқа

Тыңдалым және айтылым
Тапсырма1

1. Мәтінді мұқият тыңдап, құрылымдық ерекшелігіне назар аударыңыз.
2. Өз жұбыңызды мұқият тыңдауға тырысыңыз. Оның мәтіні бойынша маңызды деп санайтын екі сұрақ қойыңыз. Негізгі ойын анықтауға белсенді қатысыңыз, пікіріңізді білдіріңіз.

[10]

А мәтіні.

Ғажайып Көктөбе

Көктөбе – Қазақстанның ең көрікті әрі таңғажайып орындарының бірі. Қаланың ең биік нүктесі – Көктөбе теңіз деңгейінен 1100 метр жоғары. Аспалы жолмен әуе трамвайы арқылы көтеріліп, Сіздер таулардың көрінісінен ләззат алу мүмкіндігіне ие боласыз. Биіктіктен тау-тастар мен қаланың керемет көрінісі алақандағыдай көрінеді.

Әсіресе бұл жер түнде, қала әралуан түсті жарықтарға толған мезгілде, айрықша әсемдікке бөленеді. Көктөбе таулардан алған айрықша әсер таза ауа мен бостандықты сезіну ғана емес, сонымен қатар достардың кездесетін, ғашықтардың серуендейтін, бала-шағамен бірге қыдырып демалатын, уақытты жақсы өткізетін орын.

Көктөбе аумағында шағын зообақ, «Fast Coaster» америкалық төбешіктері, жартасқа өрмелеу алаңы «Киіз үй» мейрамханасы, концерт залы және өзгеде нысандар әп-әдемі орналасқан. Әдемі әткеншектері де балалар қуанышына айналған. Көктөбеге кешкі уақыттарда келсеңіз ерекше күйге енесіз. (113 сөз)

massaget.kz22 Маусым 2018

Сұрақтар:

1. *Көктөбе теңіз деңгейінен қанша метр жоғарыда орналасқан?*
2. *Көктөбе несімен есте қалады?*

Ә мәтіні.

Бурабай шатқалы

Жер шарының ең көрікті жерлері саналатын Ақмола облысының аумағында «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы орналасқан. Бурабай Қазақстандағы ең танымал демалыс орындарының бірі. Бұл жер бетінде сирек кездесетін өзіндік орны бар географиялық пункт ретінде кеңінен танымал. Бурабай шатқалының жоғарғы жағы Қазақ ұсақ шоқыларының құрамына кіретін аласа таулы елдерді көрсетеді. Биік таулар және қылқан жапырақты орман, айдынды көл және тап-таза ауа. Табиғаттың шипалы қуаты жақсы демалуға және денсаулықты қалпына келтіруге мүмкіндік тудырады. Бурабайдың балшығы мен минералды суы емдік қасиетке бай. Бурабай өлкесінде қонақ үйлер, шипажайлар, демалыс үйлері жиі-жиі орналасқан. Демалыс орындарындағы екі кісілік бір бөлмені жалға алудың орташа құны жаз айларында 10000-15000 теңгені құрайды. Онда жыл он екі ай балалар лагері жұмыс жасайды. (111 сөз)

alashainasy.kz/.../kanday-hobbi-densaulyikka-pay...

Сұрақтар:

1. *Бурабай демалыс орны қай облыста орналасқан?*
2. *Бурабай несімен ерекше*

Оқылым

Тапсырма 2

Берілген тапсырманы орындаңыз.

[10]

А мәтіні.

Мысыр пирамидасы

Ең үлкен пирамида Хеопс перғауынның әмірімен тұрғызылған. Жеті кереметтің ең ежелгісі де, әрі біздің бүгінгі дәуірімізге жеткені де – осы Мысыр пирамидалары. Пирамидалар Нілдің солтүстік батыс жағалауындағы сансыз қабірлер мен ғибадатханалар тұрғызылған өлілер қаласының үстіне салынды. Пирамидалардың ең көнесі – 5000 жыл бұрын тұрғызылған Джосер пирамидасы. Сәулетшісі ежелгі Египетте дәрігерлік, философиялық және ғылыми еңбектерімен танылған Имхотеп атты шебер еді. Джосер пирамидасы – көп сатылы құрылыс. Сансыз басқыштар арқылы аспанға өрлей береді. Мұның идеясы перғауындардың жердегі қарапайым халықтан биік, құдіретті екенін бар әлемге паш ету еді. Қаншама қажырлы еңбек пен адам өмірі жұмсалған бұл құрылыс Хеопс, Хефрен және Микрен пирамидаларымен жалғасын тапты.

Көлемі жағынан ең үлкен пирамида – Хеопс пирамидасы. Бүкіл жиған-тергеніне көзінің тірісінде Хеопс перғауын 20 жыл ішінде осы пирамиданы салдырды. Биіктігі 147 метр, әр қырының ұзындығы 232 метр бұл құрылысқа 2,5-3 тонналық 2 миллион 300 мың тас блоктары қолданылды. (136 сөз)
<https://massaget.kz/layfstayl/alemtanu/sayahatty-syemin/125>

Ә мәтіні.

Семирамида аспалы бағы

Семирамида аспалы бағы – [Вавилонның патша сарайындағы](#) алып құрылыс, Әлемнің жеті кереметінің бірі. Бұл сәулет туындысы ежелгі дәуірде билік жүргізген патша Навуходоносор бұйрығымен өзі тұратын сәулетті сарайдың кең ауласында тұрғызылған. Тарихи деректерге қарағанда, Навуходоносор б.з.б. 605-562 жылдар аралығында патшалық етіп, Вавилон империясын құрып, кейін Вавилон қаласының атағын шығарған. Табаны төртбұрышты, төрт қабатты алып құрылыс тепкішектері жоғары көтерілген сайын қусырылып биіктей береді. Семирамида аспалы бағының әрбір террасалы тепкішектері үстіне қалың құнарлы топырақ төгілген. Шөлді, ауа-райы ыстық Вавилония елінде көкке шаншыла, жапырақтары жайқалып өскен ағаштардың саясынан ескен салқын самалды аспалы бақ жергілікті тұрғындарды таң-тамаша қалдырады. Сол дәуірдің куәгерлері қалдырған деректерге қарағанда, осындай таңғажайып тамаша аспалы бақ дүние жүзінің ешбір елінде болмағанға ұқсайды. Сонысымен ол «әлемнің жеті кереметінің» біріне айналса керек. Бұны Бағдадтың оңт. жағынан 88 км қашықтықтағы Вавилон қаласының орнына жүргізілген археологиялық қазбалар кезінде бақ террасаларын суаруға арналған алып конструкциялы құрылыстардың табылуы да дәлелдей түседі. (142 сөз)
<https://massaget.kz/layfstayl/alemtanu/sayahatty-syemin/125>

А) Берілген мәтіндерден негізгі және қосымша ақпаратты анықтаңыз.

Мысыр пирамидасы		Семирамида аспалы бағы	
Негізгі ақпарат	Қосымша ақпарат	Негізгі ақпарат	Қосымша ақпарат

Ә. Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып мінездеме немесе құттықтау құрастырып 7-8 сөйлем жазыңыз.

Тапсырма 3
Жазылым

Берілген тапсырманы орындаңыз. Білім алушылар ұсынылған тақырып бойынша жазба жұмысын орындайды. «Ата-ана отбасының ұйытқысы дегенге келісесіз бе?» деген тақырыптан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көлемі 100-120 сөзден тұратын, келісу-келіспеу эссесін жазыңыз.

[10]

Барлығы: 30балл

6-сынып. Қазақ әдебиеті. БЖБ №1
«Туған жерім-аялы алтын бесігім» бөлімі бойынша жиынтық бағалау
Тақырыбы: «Аяз би» ертегісі, «Алып Ер Тұңға» жыры

Оқу мақсаты

6.3.2.1. Кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығына өзара салыстырып баға беру;

6.3.4.1.Шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жазу.

Бағалау критерийі

- Білім алушы*
- Кейіпкерлерге салыстыра баға береді;
 - Шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлін анықтайды;
 - Шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жазады.

Ойлау дағдысының деңгейлері

Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты 15-20 минут

1-тапсырма. Шығармадағы кейіпкерлер жүйесін салыстырыңыз. Заманауи жаңашылдығын ажыратып баға беріңіз. Кестені толтырыңыз.

1-кесте

<i>Мадан хан</i>	<i>Ұқсастығы</i>	<i>Аяз би</i>

2-кесте

<i>Ертегідегі заман бейнесі</i>	<i>Бүгінгі заман бейнесі</i>

2-тапсырма.«Алып Ер Тұңға» жыры бойынша сыни хабарлама (5-6 сөйлем) жазыңыз.

Бағалау критерийі	№ Тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Шығармадағы кейіпкерлерге салыстыра баға береді.	1	Кейіпкерлерге салыстырмалы баға береді.	1
		Кейіпкерлерге тән ортақ қасиеттерді табады.	1
			1
			1
		Заманауи жаңашылдығын ажыратады.	
		Кестені толтырады.	
Шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлін анықтайды.	1	Шығармада көтерілген әлеуметтік мәселені анықтайды.	1
Сыни хабарлама жазады.	2	Сыни хабарлама жазады. (5-6 сөйлем)	1
		Нақты дәлелдер келтіреді	1
Барлығы			7

6-сынып. Қазақ әдебиеті. БЖБ №2
«Туған жерім-аялы алтын бесігім» бөлімі бойынша жиынтық бағалау
Тақырыбы: Әл-Фараби «Қашықтасың туған жер», Доспамбет жырау «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Айналайын, Ақ Жайық»

Оқумақсаты 6.2.2.1.Эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау;
6.2.3.1.Шығармадағы көркем ауыстыруларды анықтау.

Бағалау критерийі Білім алушы

- Поэзиялық шығармадағы автор бейнесін анықтайды;
- Шығармадан көркем ауыстыруларды (метафора, кейіптеу, метонимия,

гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) табады.

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Орындау уақыты

15-20 минут

1-тапсырма. Берілген үзінділерден автор бейнесін анықтаңыз.

Үзінділер	Автор бейнесі
<i>1-үзінді</i> Кері оралмай жылдарым жатыр ағып, Қасіреттің жасына көз жуынар. О, жаратқан, көп неткен ақымағың, Құм сықылды тез ысып, тез суынар.	
<i>2-үзінді</i> Өрге жүзген өнегелі ісімен, Таңда адал дос өз теңіңнің ішінен. Жүргендер көп достық атын малданып, Алайда тек қалма оған алданып.	

3-үзінді Қоғалы көлдер, қом сулар Қоныстар қонған өкінбес. Арыстандай екі бұлтын алшайтып, Арғымақ мінген өкінбес.	
4-үзінді Тоғай, тоғай, тоғай су, Тоғай қондым, өкінбен. Толғамалы ала балта қолға алып, Топ бастадым, өкінбен. Тобыршығы биік жай салып Дұспан аттым, өкінбен.	

2-тапсырма. Берілген үзінділерден көркем ауыстыруларды табыңыз.

Үзінділер	Көркем ауыстырулар
1-үзінді Кері оралмай жылдарым жатыр ағып, Қасіреттің жасына көз жуынар. О, Жаратқан, көп неткен ақымағың, Құм сықылды тез ысып, тез суынар.	

<i>2-үзінді</i> Күдеріден бау тағып, Кіреуке киер күн қайда?! Күмбір, күмбір кісінетіп Күреңді мінер күн қайда?!	
<i>3-үзінді</i> Торы төбел ат мініп, Той тойлаған өкінбес. Құрама шапшақ көп қымыз Құйып ішкен өкінбес.	

Бағалау критерийі	№	Дескриптор	Балл
	Тапсырма	Білім алушы	
Поэзиялық шығармадағы автор бейнесін анықтайды.	1	Автор бейнесін анықтайды	1
		1-үзінді	1
		2-үзінді	1
		3-үзінді	1
		4-үзінді	
Шығармадан көркем ауыстыруларды табады.	2	Көркем ауыстыруларды табады.	1
		1-үзінді	1
		2-үзінді	
		3-үзінді	1
Барлығы			7

ТЖБ Тапсырмалар және балл қою кестесінің үлгісі

«Қазақ әдебиеті» пәнінен 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

1. «Аяз би» ертегісі ертегінің қай түріне жатады? [1]

- А) қиял-ғажайып
- В) шыншыл
- С) жан-жануарлар
- Д) аңыз-әңгімелер

2. Жаманның Аяз би аталу себебі неде? [1]

- А) әділеттілігінде
- В) көрегендігінде

С) тапқырлығында

Д) ақылдылығында

3.Айналайын, Ақ Жайық [1]

Ат салмай... күн қайда!

Еңсесі биік ... орда

Еңкейе кірер... қайда!

- көп нүктенің орнына қойылатын сөздер қатарын белгілеңіз.

А) күн, өтер, боз

В) өтер, күн, боз

С) өтер,боз,күн

Д) өтер, боз, өтер

4.Доспамбет жыраудың «Айналайын, Ақ Жайық» жырына сәйкес келетін қатарды белгілеңіз. [1]

А) туған жерді сағыну

В) өткен өмірді аңсау

С) елді жаудан қорғау

Д) елге деген сүйіспеншілік

5.Доспамбет жырау қай жылы дүниеден қайтты?[1]

А) 1521

В) 1522

С) 1523

Д) 1524

6.«Аяз әлінді біл, құмырсқа жолыңды біл» дегенді қалай түсінесіз? Өз ойыңызды 2-3 сөйлеммен жазыңыз.

[2]

7.Осы заманда кімдерді «жаксы», ал кімдерді «жаман» деп айтуға болады? Өз ойыңызды 2-3 сөйлеммен жазыңыз. [2]

[2]

[5]

[illegible]

Балл қою кестесі

Түсіну және жауап беру

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпараттар
1	В	1	
2	А	1	
3	С	1	
4	В	1	
5	С	1	

Анализ және интерпретация

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпараттар
1	Өзойынжазады.	2	Оқушы негіздемесі ескеріледі.
2	Өзойындәлелдепжазады	2	
3	Нақты дәлелдер арқылы өз көзқарасын білдіреді	2	
4	Алып Ер Тұңға: мықты батыр, әлемді өзіне қаратқан, қаһарын жауға таратқан.	2	Оқушы негіздемесі ескеріледі.
5	Үзінді бойынша өз ойын жазады.	2	

Бағалау және салыстыру

№	Балл	Сипаттамасы	Қосымша ақпараттар
1	5	Тақырып мазмұны толық ашылған,оқушы сұрақ мазмұнын түсініп,нақты дәлелдер келтіріп жаза алған. Жазба жұмыстың құрылымы сақталған.	
2	3-4	Тақырып мазмұны ашылған,нақты дәлелдер жеткіліксіз.Жазба жұмыстың құрылымы сақталған.	
3	1-2	Тақырып толық ашылмаған, нақты дәлелдер жеткіліксіз,оқушының сұрақ мазмұнын түсінуі қиындық туғызады.Жазба жұмыстың құрылымы сақталмаған.	

6 сынып. 1-тоқсан. Қазақ тілі мен әдебиеті Т2 БЖБ №1

№1 «Отан отбасынан басталады» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқылым Жазылым
---------------------------	---------------------

Оқу мақсаты	6.1.1.1.Тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау 6.2.2.1.Тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебімен сөйлеу этикеті формаларын білу
Бағалау критерийі	- Мәтін бөліктері, тірек сөздер негізінде тақырыпты, мәселені болжайды - Диалогке қатысуда сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолданады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындылу уақыты	20-25 минут

Оқушының аты – жөні _____

Сыныбы _____

Тапсырма

1. Мәтінді тыңда. Төмендегі кестені толтыр. Ақпараттың дұрыс, бұрыстығын тап.

1) Мәтінге ат қояды _____ 2 балл

Отбасы дегеніміз – туысқандық байланыста бірлесіп өмір сүретін адамдар. Олар отбасында мемлекеттік заңдар мен ережелерді сақтайды. Отбасы – адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі. Отбасында қалыптасқан барлық жақсы қасиеттер өмір бойына серік болады. Оны ешкім түзете алмайды.

Дәстүрлі қазақ отбасында ата-ана ерекше құрметтелген. Олардың тікелей үрім-бұтақтары ата-аналарын қартайғанда қамқорлыққа алуға міндетті болған. Ата-ана балаларының тәлім-тәрбиесіне қаншалықты жауапты болса, балалар да кейін әке-шешелері қартайған шағында қамқорлық жасауға міндетті.

Қазақ отбасында әкенің орны ерекше. Әке – отбасының тірегі. Отбасы мүшелері әкені тыңдайды. Ананың орны да ерекше. Әке де, балалар да ананы сыйлайды. Әке мен шеше ақылдасып, үйленген ұлдарына енші бөледі, тұрмысқа шыққан қыздарына жасау береді. Қазақ отбасында қыздың орны да үлкен. Қызды ерекше құрметтейді.

Кенже бала - отбасындағы ең кіші бала, кіші ұл. Кенже баланың өз отбасы болса да, ата-анасымен бірге тұрады. Себебі ол – қара шаңырақтың иесі. Қара шаңырақ - үлкен үй, әке-шеше үйі. Қара шаңыраққа барлық осы отбасының балалары, туыстары жиналады. Қара шаңырақта балаға туыстарын, нағашыларын, ата-бабасын, үлкен аталарын, жеті атасын үнемі айтып отырған.

2. Ақпараттың дұрыс, бұрыстығын тап.

№	Ақпарат	Дұрыс	Бұрыс
---	---------	-------	-------

Берілген Әке –шеше сөзін тәуелдейді.	4	Сөзді тәуелдейді	3
Барлық балл		10	

6 сынып. 1-тоқсан. Қазақ тілі мен әдебиеті Т2 БЖБ №2.

Бөлім «Қазіргі қазақ ауылы мен қаланың тыныс-тіршілігі», «Таулар сыры»

Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқылым Жазылым
Оқу мақсаты	6.3.4.1. Мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстыру 6.4.1.1. Мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян жазу 6.5.1.3. Реттік сан есімдер мен жинақтық сан есімдерді жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану
Бағалау критерийі	- Мәтіндердің стильдік, жанрлық ерекшелігін, түрін салыстырады - Күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян жазады - Реттік, жинақтық сан есімдерді қолданады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындылу уақыты	20-25 минут

Оқушының аты – жөні _____

Сыныбы _____

1-тапсырма. Мәтінді тыңда.

Ж.Әбдірашев: «Ауыл – қаланың анасы, анасын ұмытпайды баласы» - деген екен. Ауыл – әр халықтың, соның ішінде қазақ халқының алтын бесігі, темір қазығы. Себебі қазақтың салт-дәстүрі, қазақтың қаны мен жаны сол ауылдан басталады. Ауыл еңбекшілері ауылшаруашылық еңбегі арқылы қалаға шикізаттарды өңдеп қайтарып отырады. Сондықтан да елімізді көркейтуге осы бастан өз үлестерімізді қосуға тиіспіз. Біздің еңбегіміз – қазіргі жағдайда сапалы білім алу.

А) Мәтінге сүйене отырып, ақпараттың дұрыс, бұрыс еместігін тексеріңдер

№	Сөйлемдер	Дұрыс	Бұрыс
---	-----------	-------	-------

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
Білім алушы			
Мәтінді тыңдайды. Төмендегі кестені толтырады.	1– а	мәтін бойынша дұрыс , бұрыстығын анықтайды;	3
	1– ә	Мәтін мазмұны бойынша бірнеше сұрақ құрастырады	3
Берілген тақырыптың Негізінде мәтінге ат қояды;	1– а		2
Септік ережесімен жұмыс жасайды	1– ә	«Алатау » сөзін септейді	2
Барлық балл		10	

ТЖБ «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

Тыңдалым

Нұр-Сұлтан – Қазақстандағы ең бақытты қала. Сарапшылар әр аймақты 7 параметр бойынша бағаланады: денсаулық, қауіпсіздік, экологиялық жүктеме, білім, байланыстардың қолжетімділігі, материалдық құндылықтарға қолжетімділік және ертеңгі күнге деген сенімділік. Осы параметрлерге 14 облыс, Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары енді. Параметрдің нөлдік көрсеткішіне орташа қазақстандық деңгей алынды. Бірінші орынға Нұр-Сұлтан қаласы, екінші орынға Алматы ие болды.

Қазақстанда өмір сүру үшін үздік қала ретінде Атырау қаласы танылды. Атырау қаласының тұрғындары өмірден көп рақат алады. Мұндай тұжырымға сарапшылар Қазақстанның 86 қаласын зерттегеннен кейін келді. Мамандар жол, мектеп пен ауруханалардың болуын қарады. Тұрғын үй, комуникацияның тозуы, су сапасы, ауаның ластану дәрежесі және жалақы мен зейнетақының мөлшерін бағалады. (100 сөз) <http://kazgazeta.kz/p=54398>

1-тапсырма. Мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдап, тақырыпты болжаңыз.

_____ → _____

[1]

2-тапсырма. Мәтінді екінші рет тыңдап, берілген тірек сөздер арқылы көтерілген мәселені толық болжаңыз.


Алматы

Атырау

Нұр-Сұлтан

Сарапшылар

3-тапсырма. Тыңдалған мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты анықтаңыз.



4-тапсырма. Тыңдалым мәтінінен тұрмыстық-әлеуметтік тақырыптағы жаңа сөздерді теріп жазыңыз.

[1]

5-тапсырма. Жаңа, тірек сөздердің антоним, синоним, омонимдерін табыңыз.

Жаңа, тірек сөздер	Антоним	синоним	омоним
Аймақ			
Өмір			
Үздік			

[1]

Оқылым

1-мәтін .https://www.zharar.com/kz/shygarma/118-tugan_zher_shygarma.html

2- мәтін

Алатауға қарасаң
Шөккен ақбас бурадай;
Найза шыңды өркештей,
Қарағайы шудадай.
Шудасынан сипауға,
Өркешіне мінуге;
Күнді киіп, аспанды
Иығына ілуге
Мен де, жұрт та құмармыз,
Сол құмардан тарқауға,
Бірнеше жолдас бір күні
Шықтық өрлеп бір тауға.
Тау дегенім тас емес,
Мақпал қара топырақ .

Сәбит Мұқанов

Дереккөзі: <https://www.zharar.com/kz/olen/3622-sabit.html>

6-тапсырма. Қосымша ақпарат көзінен берілген тақырып пен 2-мәтін мазмұнын салыстырыңыз, қарама-қайшы ақпараттарды анықтаңыз.

Қосымша ақпарат көзінен алынған тақырып	2-мәтін
Мазмұны	Мазмұны
қарама-қайшы ақпарат	қарама-қайшы ақпарат

--	--

[1]

7-тапсырма. Мәтіндердің тақырыбын, құрылымын, түрін салыстырыңыз.

	1-мәтін	2-мәтін
Тақырыбы		
Құрылымы		
Мәтін түрі		

[1]

8-тапсырма. Мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтап, жазыңыз

Мәтін

1- мәтін

2- мәтін

Негізгі ақпарат

Жанама ақпарат

[1]

9-тапсырма. «Таулы жердің табиғаты тамаша, өмір сүруге қолайлы» берілген тұжырыммен келісу не келіспеу пікіріңізді шынайы өмірмен байланыстырып, 2 сөйлеммен жазыңыз.

[2]

Жазылым

Қарап отырсам, ақынның көбі ауылдан шыққан. Менің де ақындарды түлеткен ауылым кішкентай болғанымен, өз ерекшелігі бар. Өзенінде балығы тайдай тулаған, шұрқырап жылқы суға құлаған, қозы – лағы маңырап шулатқан ауылдың тыныс-тіршілігінің өзі бір ғанибет емес пе? Топыраққа аунап өскен бала жер қадірін, ел қадірін өте жақсы түсінеді. Ауылда жазда балалар өзенге суға түсіп, балық аулап, қозы-лақты көгендеп, атқа мініп демалыстарын қызықты өткізеді. Қой бағуға барған кездегі табиғатты айтсаңызшы. Таңның шапағаты мен күннің қызарып ұясына батар шағын қызықтаудың өзі керемет емес пе? Ауасы қандай таза! Жұта бергің келеді. Ал қыста бұзау жегіп, өзенге барудың өзі - қандай тамаша! Қыста екі бетіміз алмадай қызарып, бір –бірімізбен қар атысып, сырғанақ теуіп мәре –сәре боламыз. Ауыл дегеніміз міне, осындай. Адамдары қонақжай, бауырмал, бір-біріне көмекке дайын тұрады. Осындай ауылда туып, өсіп жатқанымға қуанамын.

(127 сөз)

https://ust.kz/word/esse_ayylym_altyn_besigim-70725.html

10-тапсырма. Реттік, жинақтық сан есімдерді қатыстырып, теңеу мен эпитетті қолданып, сын есімдерді қатыстырып өз ауылынды суреттеп 80 сөзден тұратын сипаттау эссесін жазыңыз.

[10]

Айтылым

Берілген тақырыптардың бірін тандап диалог құрастырыңыз. Диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу әрекеті формаларын сақта.

1. Ауылды қалаға айналдыру қажет пе?
2. Кітапхананың оқырмандары аз. Неліктен?
3. Отаны жоқтық – нағыз жоқтық. Санамалап айт.
4. Тауға шығудың пайдасы. Сіз білесіз бе?

Балл қою кестесі

Дағды		Жауап	Балл	Қосымша ақпарат	Жалпы балл
		Білім алушы			
Тыңдалым	1	«Қазақстан қалалары»	1	Оқушы жауабы ескеріледі	5
	2	Алматы, Атырау, Нұр-Сұлтан, сарапшылар	1	Оқушы жауабы ескеріледі	
	3	Бақытты қала Үздік қала	1	Оқушы жауабы ескеріледі	
	4	Денсаулық, қауіпсіздік, жүктеме	1	Оқушы жауабы ескеріледі	
	5	Аймақ, мекен; өмір, тіршілік; үздік-нашар, озық	1	Оқушы жауабы ескеріледі	
Оқылым	1	Отанның қадірі, таудың ерекшелігі.	1	Оқушы жауабы ескеріледі	5
	2	Менің Отаным, «Алатау» тауы	1	Оқушы жауабы ескеріледі	
	3	Отанды сүю, тау сипаты	1	Оқушы жауабы ескеріледі	
	4	Таулы жердің табиғаты тамаша, өмір сүруге қолайлы.	2	Оқушы жауабы ескеріледі	

Жазылым

Балл	Мазмұны (5 балл)	Тіл сапасы (5 балл)
9-10	Өте жақсы Мәтін құрылымы, жанры, стилі толық сәйкес келеді. Өз ойын еркін жеткізеді. Лексикалық минимумды сауатты қолданады.	Өте жақсы Грамматикалық, пунктуациялық тұлғаларды өте жақсы қолданады. Айырым қателері қиындық тудырмайды.
7-8	Жақсы Мәтін құрылымы, жанры сәйкес келеді. Өз ойын жеткізеді. Лексикалық минимумды орынды қолданады	Жақсы Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды дұрыс қолданады. Кейбір қателері ойды түсінуге кедергі келтірмейді.
5-6	Қанағаттанарлық Мәтін құрылымын жанрын, стилін сақтауға тырысқан. Ойын жеткізуде ішінара ауытқулар кездеседі.	Қанағаттанарлық Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды қолдануда ішінара қателер жібереді. Елеусіз қателер көп, бірақ ойды түсінуге кедергі келтірмейді.

	Лексикалық минимумды қолдануға тырысады	
3-4	Төмен Мәтін құрылымын, тақырыбын, жанрын, стилін сақтауы төмен Ойын жеткізуде ауытқулар көптеп кездеседі. Лексикалық минимумды қолдануы төмен	Төмен Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды қолдануда қателері көп, ойды түсінуге кедергілер бар
1-2	Өте төмен Мәтін құрылымы мүлдем ескерілмеген. Жазба жұмысы жанрға, стильге сәйкес емес. Ойын жеткізе алмаған. Лексикалық минимумды қолдануы шектеулі.	Өте төмен Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды қолдануда өрескел қателер көп, ойды түсіну өте қиын.

Айтылым

Балл	Негізгі ойды ашуы (5 балл)	Сөз қолданысы (5 балл)
9-10	Өте жақсы Тақырыпты пен сұрақты өте жақсы түсінеді. Берілген сұрақтарға жауабы тез әрі орынды. Ойын жүйелі түрде жеткізеді.	Өте жақсы Лексикалық минимумы мол.. Орфоэпиялық нормаларды дұрыс қолданады. Кей қателері ойды түсінуге кедергі келтірмейді.
7-8	Жақсы Тақырыпты пен сұрақты жақсы түсінеді. Берілген сұрақтарға жауабын ойланып береді, ойын жақсы жеткізеді.	Жақсы Лексикалық минимумы жеткілікті. Орфоэпиялық нормаларды қолданады. Арасында қателер жібереді.
5-6	Қанағаттанарлық Тақырыпты пен сұрақты жақсы түсінеді. берілген сұрақтарға жауабын ойланып береді, ойын орташа жеткізеді.	Қанағаттанарлық Лексикалық минимумы бар. Орфоэпиялық нормаларды қолданады. Жиі қателер жібереді.
3-4	Төмен Тақырып пен сұрақты түсінуде және жауап беруде қиналады. Ойын жеткізуде ауытқулар кездеседі.	Төмен Лексикалық минимумды қолдануға тырысады. Орфоэпиялық нормаларды қолдануда қателер жібереді.
1-2	Өте төмен Тақырып пен сұрақты түсінуде қолдауды қажет етеді. Ойын айтқанда қателіктер жиі кездеседі.	Өте төмен Лексикалық минимумды қолдануы шектеулі. Орфоэпиялық нормаларды қолдануда қателерді жиі жібереді.

